

Шарбақты ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 11 тамыздағы "Үгіттеу жөніндегі баспа материалдарын орналастыру орындарын және сайлаушылармен кездесу өткізу үшін үй-жайларды анықтау туралы" № 273/15 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімдігінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 159/4 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 8 мамырда № 6356 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңының 28-бабының 4 және 6-тармақтарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына, үгіттеу жөніндегі баспа материалдарын орналастыру орындарын және сайлау маңындағы жария іс-шараларды өткізу үшін үй-жайларды анықтау мақсатында, Шарбақты ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шарбақты ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 11 тамыздағы "Үгіттеу жөніндегі баспа материалдарын орналастыру орындарын және сайлаушылармен кездесу өткізу үшін үй-жайларды анықтау туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4002 болып тіркелген, 2014 жылғы 18 қыркүйекте "Маралды" және "Трибуна" аудандық газеттерінде жарияланған) № 273/15 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1, 2-қосымшалары осы қаулының 1, 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ә. Әбеуов

"КЕЛІСІЛДІ"

Шарбақты аудандық аумақтық

Ю. Масальская

сайлау комиссиясының төрайымы

2019 жылғы "8" мамыр

Шарбақты ауданы әкімінің

2019 жылғы "8" мамырдағы

№ 159/4 қаулысына

1-қосымша

Үгіттеу жөніндегі баспа материалдарын орналастыру орындары

--	--	--	--

Р/с №	Елді мекеннің атауы	Үгіт материалдарын орналастыру орындары	Стендтер саны (қалқандар, тумбалар)
1	Александровка ауылы	Мәдениет үйі ғимаратының жанында	1 стенд
2	Алексеевка ауылы	Мәдениет үйі ғимаратының жанында	1 стенд
3	Жаңа-Ауыл ауылы	Мәдениет үйі ғимаратының жанында	1 стенд
4	Галкино ауылы	Мәдениет үйі ғимаратының жанында	1 стенд
5	Татьяновка ауылы	Медициналық пункт ғимаратының жанында	1 стенд
6	Назаровка ауылы	Мәдениет үйі ғимаратының жанында	1 стенд
7	Богодаровка ауылы	Мәдениет үйі ғимаратының жанында	1 стенд
8	Малиновка ауылы	"Шарбақты ауданы әкімдігінің, Шарбақты ауданы Шарбақты ауылдық округі әкімі аппаратының Малиновка ауылдық клубы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ғимаратының жанында	1 стенд
9	Сахновка ауылы	Мәдениет үйі ғимаратының жанында	1 стенд
10	Жылы-Бұлақ ауылы	Клуб ғимаратының жанында	1 стенд
11	Красиловка ауылы	Мәдениет үйі ғимаратының жанында	1 стенд
12	Заборовка ауылы	"Шарбақты ауданының Заборовка негізгі жалпы білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында	1 стенд
13	Сосновка ауылы	Мәдениет үйі ғимаратының жанында	1 стенд
14	Сынтас ауылы	"Шарбақты ауданы әкімдігінің Шарбақты ауданы Шарбақты ауылдық округі әкімі аппаратының Сынтас ауылдық Мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын ғимаратының жанында	1 стенд
15	Орловка ауылы	Мәдениет үйі ғимаратының жанында	1 стенд
16	Көлбұлақ ауылы	"Шарбақты ауданының Алға жалпы білім беретін бастауыш мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында	1 стенд
17	Хмельницкий ауылы	Мәдениет үйі ғимаратының жанында	1 стенд
18	Маралды ауылы	"Шарбақты ауданының Маралды бастауыш жалпы білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында	1 стенд
		"Шарбақты ауданының № 3 жалпы орта білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында "Шарбақты ауданының гимназия сыныптары бар жалпы орта білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында "Шарбақты аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік	

19	Шарбақты ауылы	кәсіпорны ғимаратының жанында "Шарбақты ауданы әкімдігінің Шарбақты ауданы Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің халық шығармашылығы орталығы" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны ғимаратының жанында "Шарбақты ауданының № 2 негізгі жалпы білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында	5 стенд
20	Садық-Ащы ауылы	Садық-Ащы орман шаруашылығы ғимаратының жанында	1 стенд
21	Шалдай ауылы	Мәдениет үйі ғимаратының жанында	1 стенд
22	Шошқалы ауылы	Шошқалы орман шаруашылығы ғимаратының жанында	1 стенд
23	Чигириновка ауылы	Мәдениет үйі ғимаратының жанында	1 стенд
24	Есілбай ауылы	"Шарбақты ауданының Есілбай жалпы орта білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында	1 стенд
25	Ботабас ауылы	Медициналық пункт ғимаратының жанында	1 стенд
26	Арбиген ауылы	Мәдениет үйі ғимаратының жанында	1 стенд

Шарбақты ауданы әкімінің
2019 жылғы "8" мамырдағы
№ 159/4 қаулысына
2-қосымша

Сайлаушылармен кездесу өткізу үшін үй-жайлар

Р/с №	Ауылдық округ атауы	Елді мекеннің атауы	Кездесулерді өткізу орындары
1	Александровка	Александровка ауылы	Мәдениет үйі, Жеңіс көшесі, 31
		Жаңа-Ауыл ауылы	Мәдениет үйі, 1 май көшесі
		Алексеевка ауылы	Мәдениет үйі, 1 май көшесі, 51
2	Галкино	Галкино ауылы	Мәдениет үйі, Ленин көшесі, 67
		Арбиген ауылы	Мәдениет үйі, Абай көшесі, 80
		Чигириновка ауылы	Мәдениет үйі, Тын көшесі, 32
3	Жылы-Бұлақ	Жылы-Бұлақ ауылы	Ауылдық клубы, Боратбаев көшесі, 18
		Сахновка ауылы	Мәдениет үйі, Школьная көшесі, 5
		Хмельницкий ауылы	Мәдениет үйі, Ленин көшесі, 15
4	Орловка	Орловка ауылы	Мәдениет үйі, 1 май, 38

5	Сосновка	Сосновка ауылы	Мәдениет үйі, Молодежная көшесі, 20
		Красиловка ауылы	Мәдениет үйі, Ленин көшесі, 68
6	Шалдай	Шалдай ауылы	Мәдениет үйі, Ленин көшесі, 37
7	Шарбақты	Шарбақты ауылы	"Шарбақты ауданы әкімдігінің Шарбақты ауданы Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің халық шығармашылығы орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, Тәуелсіздік көшесі, 26
		Сынтас ауылы	"Шарбақты ауданы әкімдігінің Шарбақты ауданы Шарбақты ауылдық округі әкімі аппаратының Сынтас ауылдық Мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Ленин көшесі, 25
		Малиновка ауылы	"Шарбақты ауданы әкімдігінің, Шарбақты ауданы Шарбақты ауылдық округі әкімі аппаратының Малиновка ауылдық клубы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Мира көшесі, 7
		Богодаровка ауылы	Мәдениет үйі, Центральная көшесі, 27
		Назаровка ауылы	Мәдениет үйі, Ленин көшесі, 6а